

FTAMP 16.21.29

<https://doi.org/10.26577/EJPh2022202614>**Б.Р. Хасенов^{1*}, Ж.Ж. Ибраимова², Ә.М. Жакулаев¹**¹«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

*e-mail: bolat.khasenov@bolashaq.edu.kz

ПОЭЗИЯДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ТОН МЕН ДЫБЫС СИМВОЛИЗМІ: ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТАЛДАУ

Бұл мақалада эксперименттік мәліметтер негізінде қазақ поэзиясындағы эмоционалды тон мен дыбыстық символизмнің байланысы қарастырылған. Фоносемантика теориясына негізделген зерттеу дыбыстың тек форма ғана емес, сонымен қатар бейсаналық деңгейде эмоционалды және бағалау мағынасын тұдыратын танымдық құрал екенін көрсетуге бағытталған. Эксперимент Ч. Осгудтың семантикалық дифференциалдық әдісі бойынша ұйымдастырылды. Google Forms платформасы арқылы жүргізілген сауалнамаға үш жас тобынан тұратын 100 респондент қатысып, қазақ поэзиясының классикалық үлгілерінен алынған 12 өлеңнің эмоционалды тонын үш биполярлық шкала бойынша бағалады. Жиналған деректер Jamovi бағдарламасында өңделіп, сипаттамалық статистика мен ассоциациялық салыстырулар арқылы талданды. Нәтижелер жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың эмоционалды бағалау категорияларымен жүйелі түрде байланысатынын көрсетті. Атап айтқанда, жуан, тіл арты дауыстылар басым мәтіндер «күшті», «ауыр», «қараңғы» ретінде қабылданса, жіңішке, тіл алды дауыстылар жиі қолданылған шумақтар «жарық», «жеңіл», «жұмсақ» және «әлсіз» деп бағаланды. Бұл заңдылық барлық жас топтарында сақталып, дыбыс символизмінің әмбебап сипатын айқындайды. Алынған деректер поэзиядағы эмоционалды тон тек мазмұнмен ғана емес, дыбыстық құрылым арқылы да қалыптасатынын дәлелдейді және қазақ поэтикасын фоносемантикалық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: дыбыс символизмі, фоносемантика, эмоционалды тон, поэзия, семантикалық дифференциал.

B. Khasenov^{1*}, Zh. Ibraimova², A. Zhakulayev¹¹Academy "Bolashaq", Karaganda, Kazakhstan²Karagandy Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

*e-mail: bolat.khasenov@bolashaq.edu.kz

Emotional Tone and Sound Symbolism in Poetry: a Phonosemantic Experimental Study

This article examines the relationship between emotional tone and sound symbolism in Kazakh poetry based on experimental data. The study is grounded in phonosemantic theory, which considers speech sounds not only as formal units but also as cognitive carriers of emotional and evaluative meaning. The experiment was conducted using Charles Osgood's semantic differential method. A total of 100 participants from three age groups took part in an online survey administered via Google Forms. They evaluated 12 poetic texts using three bipolar scales. The collected data were processed in Jamovi using descriptive statistics and associative comparisons. The results revealed a systematic relationship between vowel quality and emotional evaluation. Specifically, texts dominated by back vowels were perceived as more "powerful," "heavy," "dark," and "harsh," whereas texts with a higher frequency of front vowels were associated with being "bright," "light," "soft," and "weak." These patterns were consistent across all age groups, indicating the universal nature of sound symbolism. The findings confirm that the emotional tone of poetic texts is shaped not only by semantic content but also by phonetic structure. This study contributes to phonosemantic, cognitive, and psycholinguistic approaches to poetic discourse and opens new perspectives for experimental analysis of poetic language.

Keywords: sound symbolism, phonosemantics, emotional tone, poetry, semantic differential.

Б.Р. Хасенов^{1*}, Ж.Ж. Ибраимова², А.М. Жакулаев¹

¹Академия «Болашақ», Караганда, Қазақстан

²Карагандинский национальный исследовательский университет
имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Қазақстан

*e-mail: bolat.khassenov@bolashaq.edu.kz

Эмоциональный тон и звуковой символизм в поэзии: фоносемантический экспериментальный анализ

В статье рассматривается взаимосвязь между эмоциональным тоном и звуковым символизмом в казахской поэзии на основе экспериментальных данных. Исследование опирается на теорию фоносемантики, согласно которой звуки речи выступают не только формальными единицами, но и когнитивными носителями эмоционально-оценочной информации. Эксперимент был проведён с использованием метода семантического дифференциала Ч. Осгуда. В онлайн-опросе, организованном через Google Forms, приняли участие 100 респондентов трёх возрастных групп. Участники оценивали 12 поэтических текстов по трем биполярным шкалам. Полученные данные были обработаны в программе Jampov с применением описательной статистики и ассоциативного анализа. Результаты выявили устойчивые закономерности между типом гласных и эмоциональной оценкой текста. В частности, тексты с преобладанием заднеязычных гласных воспринимались как более «сильные», «тяжёлые», «тёмные», тогда как тексты с доминированием переднеязычных гласных ассоциировались с категориями «светлый», «лёгкий», «мягкий» и «слабый». Эти закономерности сохранялись во всех возрастных группах, что указывает на универсальный характер звукового символизма. Таким образом, полученные результаты подтверждают, что эмоциональный тон поэтического текста формируется не только на семантическом, но и на фонетическом уровне, расширяя возможности фоносемантического анализа поэтического дискурса.

Ключевые слова: звуковой символизм, фоносемантика, эмоциональный тон, поэзия, семантический дифференциал.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде дыбыс пен мағына арасындағы байланыс мәселесі қайта жаңғырып, когнитивтік және психолингвистикалық бағыттар аясында тереңірек қарастырыла бастады. Дәстүрлі құрылымдық көзқараста (Соссюр, 1999; Hockett, 1960) тілдік таңба ерікті (шартты), яғни дыбыс пен мағына арасында табиғи байланыс жоқ деп есептелгенімен, соңғы онжылдықтарда жүргізілген эксперименттік зерттеулер бұл тұжырымды ішінара қайта қарауға негіз берді (Blasi et al., 2016; Sidhu & Pexman, 2018; Rejovic & Molnar, 2017; Khassenov, 2021a). Әсіресе дыбыс символизм мен фоносемантика салаларындағы еңбектер сөйлеу дыбыстарының бейсаналық деңгейде белгілі бір бағалауыш және эмоциялық ассоциациялар тудыратынын дәлелдеп отыр.

Фоносемантика дыбыстың тек артикуляциялық немесе акустикалық бірлік қана емес, сондай-ақ, мағыналық-эмоциялық әлеуетке ие құбылыс екенін көрсетеді. Бұл ретте дыбыс символизмі құбылысы ерекше орын алады. Дыбыс символизмі деп дыбыс пен мағына арасындағы табиғи, психофизикалық негізі бар байланысты айтамыз. Мұндай байланыстар көлем, күш, жарықтық, эмоциялық реңк сияқты қарама-қарсы

ұғымдар негізінде қабылданады.

Бұл құбылыс жеке сөздер деңгейінде ғана емес, мәтін, әсіресе поэзия секілді көркем дискурста айқын байқалады. Поэтикалық мәтінде дыбыстар мағынамен қатар эмоциялық реңк тудыратын маңызды құралға айналады. Ассонанс, аллитерация, дауысты және дауыссыз дыбыстардың жиілігі мен үйлесімі өлеңнің оқырман санасындағы эмоционалды тонды қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Сондықтан поэзиядағы эмоционалды тон тек семантикалық мазмұны арқылы ғана емес, фоносемантикалық тұрғыдан да талдау қажет. Біздің зерттеудің мақсаты – өлең шумақтарындағы эмоционалды тон мен дыбыс символизмі құбылысы арасындағы байланысты эксперимент жолымен анықтау. Эмоцияны тіл арқылы жеткізу үдерісінде де фонетикалық факторлардың маңызы зор. Тыңдаушы немесе оқырман сөздің лексикалық мағынасын толық түсінбеген жағдайда да оның дыбыстық қасиеті арқылы белгілі бір эмоциялық әсер қабылдай алады. Сондықтан тілдік коммуникациядағы эмоцияны зерттеу тек семантикалық және прагматикалық деңгейлермен шектелмей, фонетикалық және фоносемантикалық деңгейлерді де қамтуы қажет. Әсіресе поэзияда дыбыстық ұйымдасу эстетикалық қызметпен қатар эмоциялық ықпал ету құралы ретінде көрінеді.

Соған қарамастан, қазақ тіл білімінде поэтикалық мәтіндегі дыбыс символизмі мен эмоционалды тонның өзара байланысын эксперименттік тәсілдер арқылы зерттеген жұмыстар жоқтың қасы. Көптеген зерттеулер теориялық сипатта қалып, нақты қабылдау эксперименттеріне сүйенбейді. Осыған байланысты поэзиядағы дыбыстың акустикалық-артикуляциялық қасиеті мен оқырманның эмоциялық қабылдауы арасындағы байланысты эмпирикалық деректер негізінде анықтау өзекті ғылыми мәселе болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде Ч.Осгудтың семантикалық дифференциал әдісі бойынша сауалнама құрылды. Бұл әдіс қатысушылардың субъективті қабылдауын биполярлы шкалалар арқылы өлшеуге мүмкіндік береді. Сауалнама Google Forms платформасында онлайн форматта жүргізілді. Зерттеуге 100 респондент өз еркімен қатысты.

Олар жас ерекшеліктеріне байланысты үш топқа бөлінді:

(1) 15–17 жас аралығындағы 40 мектеп оқушысы (21 қыз, 19 ұл);

(2) 18–22 жас аралығындағы 30 студент (19 қыз, 11 ұл);

(3) 23–58 жас аралығындағы 30 ересек адам (19 әйел, 11 ер адам).

Қатысушылардың мамандықтары әртүрлі болды: тәрбиеші, мұғалім, филолог, дәрігер, инженер, есепші, IT маманы, экономист, менеджер және басқа салалардың өкілдері. Барлық қатысушылар сауалнамаға ерікті түрде және анонимді түрде қатысты.

Зерттеу материалы ретінде А.Құнанбайұлы, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, Б.Күлеев, С.Аронұлы, Ы.Алтынсариннің 12 өлеңі іріктеліп алынды. Өлеңдер эмоционалды реңкі әртүрлі болуына қарай таңдалды.

Респонденттерге 12 өлең шумағы ұсынылып, олардың эмоционалды тонын үш биполярлық шкала бойынша бағалау тапсырылды:

жарық – қараңғы, күшті – әлсіз, ширақ – баяу.

Әр шкала 0–5 балл аралығында өлшенді.

0 – сәйкестіктің төмен деңгейін,

5 – сәйкестіктің жоғары деңгейін білдірді.

Барлық қатысушыларға бірдей үш сауалнама нұсқасы ұсынылды. Эксперимент үш апта бойы жүргізілді:

бірінші апта – мектеп оқушылары,
екінші апта – студенттер,
үшінші апта – ересек қатысушылар.

Жиналған деректер Jamovi статистикалық бағдарламасына енгізіліп, кестелер арқылы жүйеленді. Негізгі мақсат – поэзиядағы дауысты дыбыстардың жиілігі мен эмоционалды бағалау арасындағы ассоциациялық байланыстарды көрсету болды.

Әдебиеттерге шолу

Ежелгі заманнан бері тіл білімінде дыбыс пен мағына арасындағы табиғи байланыс мәселесі талқыланып келеді. Платонның «Кратил» диалогында жеке дыбыстардың белгілі бір семантикалық реңктері бар және дыбыстық форма мен мазмұн арасында табиғи байланыс бар деген идея айтылады (Plato, 1968). Кейін бұл тұжырымдама Г.Лейбниц, Дж.Локк, Ж.-Ж. Руссо, Р.Декарт, М.Ломоносов секілді ғалымдардың тілдің табиғи шығу теорияларымен байланысты болды.

XX ғасырдың басында дыбыс символизмін эмпирикалық тұрғыда сипаттауға талпыныстар жасалды. Мысалы, Э.Сепирдің (1929) «mil-mal» экспериментінде қатысушылар /i/ мен /a/ дауыстылардың «кішкентай-үлкен» ұғымдармен байланысты болатыны көрсетіледі. Оның нәтижелері Ньюман (1961) жұмысында да расталды, бұл дыбыс символизмінің әмбебаптығы туралы айтуға мүмкіндік берді.

Есперсен (1933) дауысты /i/ «кішкентай» ұғымымен байланысты екенін көрсетті, бірақ оның біржақты таңдау әдісі сынға алынды (Bloomfield, 1935). Дегенмен, бұл зерттеу дыбыс пен мағына арасындағы байланысты эксперименттік зерттеудің негізін қалады.

Дыбыстық бейнелеудің жүйелік теориясын фоносемантиканы тілдің иконикалық жүйелерін зерттейтін интегративті ғылым ретінде қарастырған С.В. Воронин жасады (Воронин, 2006). Ол дыбыс символизмі мен ономотопеяны акустикалық және акустикалық емес жүйелерге бөлуді ұсынды, синестемия ұғымын дыбыс пен эмоция арасындағы байланысты түсіндіретін механизм ретінде енгізді.

Журавлев (1991) Ч.Осгудтың семантикалық дифференциалдық әдісін қолдана отырып, дыбыстардың семантикалық потенциалын сандық түрде зерттеді. 23 биполярлық шкала негізінде ол фонемалардың бағалау профилдерін құрды, бұл дыбыстық символизмді статистикалық ас-

пектіде сипаттауға мүмкіндік берді. Нәтижелер дыбыстардың бейсаналық эмоционалды және бағалау реакцияларын тудыруы мүмкін екенін көрсетті.

В. В. Левицкий фоносемантикалық зерттеулерді типологиялық және эксперименттік бағыттарда дамытып, объективті және субъективті дыбыстық символизмді ажырату қажеттілігін атап өтті (Левитский, 2009). Ол сондай-ақ дыбыстарды қабылдау олардың артикуляциялық және акустикалық сипаттамаларымен тығыз байланысты екенін атап өтті.

Шетелдік поэзияны эксперименттік зерттеу дыбыстардың формантты құрылымы мен олардың эмоционалды қабылдауы арасындағы байланысты көрсетті (Auracher et al., 2011; Auracher et al., 2020). Бұл деректер поэтикалық мәтіннің эмоционалды үні мазмұнмен ғана емес, сонымен қатар дыбыстық ұйыммен де анықталатынын растайды.

Түркі тілдерінде дыбыстық символизм мәселесі, негізінен морфологиялық және лексикалық деңгейде зерттелді. Чуваш тілінде бұл бағыт Корниловтың (1977), қазақ тілінде Құсайыновтың (1988) зерттеулерінде ұсынылған. Қазақ тілінің бейнелеуіш және еліктеуіш сөздері А.Ысқақов, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев еңбектерінде

егжей-тегжейлі сипатталған. Кейінгі жылдардағы зерттеулерде фоносемантика эксперименттік тұрғыдан қарастырыла бастады (Хасенов, 2021a; Хасенов, 2021b).

Осылайша, әдебиеттерді талдау арқылы дыбыс символизмі мен фоносемантика теориясының философиялық рефлексиядан эксперименталды және статистикалық негізделген ғылыми бағытқа өткендігін байқаймыз. Бұл теориялық база қазақ поэзиясының эмоционалды тонын дыбыстық деңгейде талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Эксперименттік нәтижелер поэзияның эмоционалды тон мен дыбыс символизмі құбылысы арасындағы тұрақты ассоциативті байланыстың болуын көрсетті. Google Forms арқылы жиналған деректер Jamovi бағдарламасында өңделді және сипаттамалық статистика арқылы талданды. Респонденттердің бағалауы поэтикалық мәтіннің дыбыстық құрылымы қабылданған эмоционалды бояуға тікелей әсер ететіндігін көрсетеді. Атап айтқанда, тіл арты және тіл алды дауысты дыбыстар мен бағалау категориялары арасындағы тұрақты байланыс анықталды.

1-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Еміс те емес есітсем... [Жарық]	100	0.990	0.00	1.47	0.147
Еміс те емес есітсем... [Қараңғы]	100	4.050	5.00	1.37	0.137
Еміс те емес есітсем... [Күшті]	100	1.680	1.00	1.81	0.181
Еміс те емес есітсем... [Әлсіз]	100	3.390	4.00	1.76	0.176
Еміс те емес есітсем... [Ширақ]	100	1.540	1.00	1.57	0.157
Еміс те емес есітсем... [Баяу]	100	2.980	3.00	1.54	0.154

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Жоғарыдағы кестеде барлық респонденттердің (100 респондент) қорытынды нәтижесі берілген. Ең жоғары көрсеткіш «қараңғы» жауабында: орташа статистика – 4.050, СА – 1.37. Одан кейінгі «әлсіз» (орташа – 3.390, СА – 1.76), «баяу» (орташа – 2.980, СА – 1.54) жауаптары басым көрсеткіш көрсеткен. Төменгі көрсеткіш «күшті» (орташа – 1.680, СА – 1.81), «ширақ» (орташа – 1.540, СА – 1.57) жауаптарында, ал ең

төменгі көрсеткіш «жарық» жауабында болды: орташа – 0.990, СА – 1.47 (1-кесте).

Бұл өлең бойынша қорытынды нәтиже барлығында «қараңғы», «әлсіз», «баяу» мәндері басым болғанын айтуға болады. Оқушылардың жауаптары потенциалды бағалауда екіұшты, ал студенттер мен ересектердің жауабында антонимдік қатардың нақты бір жағында басымдық болғанын байқадық.

2-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Ертеректе ер жүрегім... [Жарық]	100	3.13	3.00	1.64	0.164
Ертеректе ер жүрегім... [Қараңғы]	100	2.10	2.00	1.71	0.171
Ертеректе ер жүрегім... [Күшті]	100	2.88	3.00	1.58	0.158
Ертеректе ер жүрегім... [Әлсіз]	100	2.08	2.00	1.70	0.170
Ертеректе ер жүрегім... [Ширақ]	100	2.33	2.00	1.73	0.173
Ертеректе ер жүрегім... [Баяу]	100	2.23	2.00	1.77	0.177

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Барлық респонденттің қосынды нәтижесі бойынша *жарық, күшті, ширақ* мәндері басым, әсіресе жас респонденттерде бұл анық байқалды (2-кесте).

3-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Қарағайың сыңысып... [Жарық]	100	1.21	1.00	1.44	0.144
Қарағайың сыңысып... [Қараңғы]	100	4.09	5.00	1.30	0.130
Қарағайың сыңысып... [Күшті]	100	3.14	4.00	1.71	0.171
Қарағайың сыңысып... [Әлсіз]	100	2.00	2.00	1.71	0.171
Қарағайың сыңысып... [Ширақ]	100	2.63	3.00	1.67	0.167
Қарағайың сыңысып... [Баяу]	100	2.16	2.00	1.70	0.170

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Барлық респонденттердің жауабын талдай келе жоғарыдағы өлеңде «қараңғы» (орташа – 4.09, СА – 1.30) мәні басым болғаны анықталды (Кесте 3). Бұған өлеңдегі аллитерация, яғни бірыңғай «қ» әрпінен басталып тұруы және «қара» сөзінің жиі кездесуі тікелей әсер етті деуге болады. Оған дәлел – респонденттердің жауабы. Жалпы өлеңдегі эмоционалды тонды бағалау бойынша тағы бір

жоғары сәйкестік көрсеткен «күшті» (орташа – 3.14, СА – 1.71) жауабы болды. Әдетте, жарық мәнімен күшті, ширақ мәндері сәйкес келіп, қараңғы мәнімен әлсіз, баяу мәндері сәйкес келсе, бұл жолы басқаша көрсеткіш ұсынды. Бұған әрине бірінші кезекте шумақтағы толық мағына, одан кейін дауысты дыбыстар ғана емес «қ» дыбысының да жиі кездесуі әсер етуі мүмкін.

4-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Жастықтың оты жалындап... [Жарық]	100	4.23	5.00	1.25	0.125
Жастықтың оты жалындап... [Қараңғы]	100	1.33	1.00	1.63	0.163
Жастықтың оты жалындап... [Күшті]	100	4.16	5.00	1.16	0.116
Жастықтың оты жалындап... [Әлсіз]	100	1.08	0.00	1.44	0.144
Жастықтың оты жалындап... [Ширақ]	100	3.94	5.00	1.46	0.146
Жастықтың оты жалындап... [Баяу]	100	1.01	0.00	1.43	0.143

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Барлық респонденттің қосынды жауаптарының нәтижесінде өлеңдегі эмоционалды тонмен сәйкес келген жауаптар «жарық» (орташа – 4.23, СА – 1.25), «күшті» (орташа – 4.16, СА -1.16), «ширақ» (орташа – 3.94, СА – 1.46) мәндері болды. Абайдың бұл өлеңінде *оптимизм, энергия, жастықтың серпіні* басым (Кесте 4). Үш жас санаты да оны жарық, қуаты, сергек өлең деп қабылдаған. Бұл эмоционалды тон оқырман санасында жастық пен мақсатқа ұмтылуды тудырады. Бұл өлеңде жуан дауысты (тіл арты) басым болса да оқырмандар жарық, күшті, ширақ мәндерін таңдаған. Бұл

тұста үшінші талданған өлең сияқты оқырман қабылдауына тек дауысты дыбыстар ғана емес дауыссыз дыбыстардың да жиі кездесуі әсер етуі мүмкін. Оған дәлел, «Қарағайың сыңысып, Қалың малың қаптаған. Қара бұлт боран, бұлықсып, Қара іңген тауды қап саған» өлеңіндегі «қ» дыбысының жиі қолданылуы мен «қара» сөзінің қайталануы «қараңғы» мәнін қабылдауға әсер етсе, «Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақ» өлеңіндегі мағына әрі «ж» дыбысының жиі қолданылуы «жарық» мәнін таңдауға әсер етуі мүмкін деген болжам жасауға болады.

5-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Берді тәңірім тілегім... [Жарық]	100	4.35	5.00	1.07	0.107
Берді тәңірім тілегім... [Қараңғы]	100	1.23	1.00	1.50	0.150
Берді тәңірім тілегім... [Күшті]	100	4.08	4.00	1.02	0.102
Берді тәңірім тілегім... [Әлсіз]	100	1.09	1.00	1.30	0.130
Берді тәңірім тілегім... [Ширақ]	100	3.66	4.00	1.37	0.137
Берді тәңірім тілегім... [Баяу]	100	1.28	1.00	1.48	0.148

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Барлық респонденттердің жауаптары қосылып, ортақ статистика шығарылды. Жоғарыдағы өлеңді барлық респонденттер позитивті эмоционалды тонда қабылдаған. Ең жоғары сәйкестік «жарық» (орташа – 4.35, СА – 1.07) жауабы болды. Одан кейінгі жоғары сәйкестік «күшті» (орташа – 4.08, СА – 1.02), «ширақ» (орта-

ша – 3.66, СА – 1.37) жауаптары болды (5-кесте). Ал ең төменгі сәйкестік «әлсіз» (орташа – 1.09, СА – 1.30), «баяу» (орташа – 1.28, СА – 1.48), «қараңғы» (орташа – 1.23, СА – 1.50) жауаптарында болған. Барлық респонденттердің жауабы бір-бірімен сәйкес келді. Өлеңде жоғары эмоционалды тон басым болған.

6-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Тәңірі — көктің тәңірісі... [Жарық]	100	3.340	3.00	1.54	0.154
Тәңірі — көктің тәңірісі... [Қараңғы]	100	1.740	2.00	1.49	0.149
Тәңірі — көктің тәңірісі... [Күшті]	100	4.030	5.00	1.30	0.130
Тәңірі — көктің тәңірісі... [Әлсіз]	100	0.770	0.00	1.13	0.113
Тәңірі — көктің тәңірісі... [Ширақ]	100	3.490	4.00	1.42	0.142
Тәңірі — көктің тәңірісі... [Баяу]	100	1.110	1.00	1.36	0.136

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Мағжан Жұмбаевтың өлеңі бойынша барлық респонденттердің жауабы бір-бірімен сәйкес келді. Сол себепті қорытынды статистикасын талданды. Барлық респонденттердің ассоциациялық қабылдауы бойынша өлеңдегі эмоционалды тонға ең жоғары сәйкестік «күшті» (орташа – 4.030, СА – 1.30) жауабында болған. Одан кейінгі жоғары сәйкестік «ширақ» (орташа – 3.490, СА – 1.42), «жарық» (орташа – 3.340, СА – 1.54) жауаптарында болған. Ең төменгі сәйкестік «әлсіз» (орташа – 0.770, СА – 1.13), «баяу» (орташа – 1.110, СА – 1.36), «қараңғы» (орташа – 1.740, СА – 1.49) жауаптарында болды (6-кесте). Нәтижені талдай келе өлеңдегі эмоционалды тон күшті, жарық, ширақ деп бағаланды.

Кезекті өлеңдегі эмоционалды тонды бағалауда респонденттердің жауаптары екі жаққа бөлінді. Атап айтар болсақ, ересектер мен оқушылар өлеңде «баяу» мәні басым десе (оқушылардың орташа статистикасы – 2.52, СА – 1.47, ересектердің орташа статистикасы – 3.17, СА – 1.49), студенттер «күшті» (орташа – 3.07, СА – 1.39), «жарық» (орташа – 2.73, СА – 1.36) жауабын басым деген. Алайда, оқушылардың «баяу» жауабы ересектермен сәйкес келгенімен қалған «жарық», «күшті» жауаптары студенттермен сәйкес келген. Ал ересектер «қараңғы» (орташа – 2.73, СА – 1.64), «әлсіз» (орташа – 3.70, СА – 1.29) жауаптарының сәйкестігін жоғары бағалаған (7-кесте).

7-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

Сипаттамалы статистика	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Білмейсің десе, желөкпе... [Жарық]	100	2.50	3.00	1.41	0.141
Білмейсің десе, желөкпе... [Қараңғы]	100	2.38	2.00	1.44	0.144
Білмейсің десе, желөкпе... [Күшті]	100	2.62	3.00	1.59	0.159
Білмейсің десе, желөкпе... [Әлсіз]	100	2.47	3.00	1.55	0.155
Білмейсің десе, желөкпе... [Ширақ]	100	1.99	2.00	1.55	0.155
Білмейсің десе, желөкпе... [Баяу]	100	2.61	3.00	1.52	0.152

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Алтыншы өлең бойынша барлық респонденттердің қосынды жауабы бойынша ең жоғары сәйкестік «күшті» (орташа – 2.62, СА – 1.59) жауабы болған. Одан кейінгі жоғары сәйкестікті көрсеткен «баяу» (орташа – 2.61, СА – 1.52), «жарық» (орташа – 2.50, СА – 1.41) жауаптары. Орташа сәйкестікті көрсеткен «әлсіз» (орта-

ша – 2.47, СА – 1.55), «қараңғы» (орташа – 2.38, СА – 1.44) жауаптары болды. Ал ең төменгі көрсеткішті «ширақ» (орташа – 1.99, СА – 1.55) жауабы көрсетті. Қорыта келе, барлық респонденттердің жауабы бойынша өлеңдегі эмоционалды тонға «жарық», «күшті», «баяу» жауаптары көбірек сәйкес келген.

8-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Әбілет басқан елерме... [Жарық]	100	2.12	2.00	1.44	0.144
Әбілет басқан елерме... [Қараңғы]	100	2.81	3.00	1.57	0.157
Әбілет басқан елерме... [Күшті]	100	2.27	2.00	1.64	0.164
Әбілет басқан елерме... [Әлсіз]	100	2.69	3.00	1.70	0.170
Әбілет басқан елерме... [Ширақ]	100	2.17	2.00	1.65	0.165
Әбілет басқан елерме... [Баяу]	100	2.55	3.00	1.69	0.169

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Респонденттердің бағалауы бойынша бұл өлең фрагменті негізінен «қараңғы» (орташа – 2.81, SD – 1.57), «әлсіз» (2.69; SD – 1.70) және «баяу» (2.55; SD – 1.69) ретінде сипатталады (Кесте 8). Бұл көрсеткіштер депрессия, үмітсіздік және пессимизм сезімдерінің басым екендігін көрсетеді. Респонденттер мәтінді ішкі шиеленіс пен жағымсыз эмоционалды жағдайдың көрінісі ретінде қабылдайды. Сонымен қатар, «жарық» (2.12), «күшті» (2.27) және «ширақ» (2.17) сипаттамалары төмен бағаларға ие болды, бұл мәтіннің әлсіз динамикасы мен төмен эмоционалды қарқындылығын көрсетеді. 1.4-1.7 шегіндегі стандартты ауытқулар пікірлердің салыстырмалы сәйкестігін көрсетеді. Жалпы, эмоционалды тонның басым белгілері – «қараңғы», «әлсіз» және «баяу».

Қолың толған салдырмақ,
Сылдырмақ не тындырмақ.
Сықырлы адам болғансып,
Айтасың аят былдырлап.

Бұл өлең «ширақ» (орташа – 2.90., СА – 1.73) және «жарық» (орташа – 2.66., СА – 1.48) белгілерімен ерекшеленеді. Бұл сипаттар мәтінде динамика бар екенін меңзейді. Сондай-ақ «күшті» (орташа 2.59) де салыстырмалы түрде жоғары, ал «баяу» (орташа –1.89, СА – 1.54) пен «әлсіз» (орташа – 2.24) төмен деңгейде. «Қараңғы» (орташа – 2.25) бейтарапқа жақын, яғни өлеңде айқын негативті тон жоқ, бірақ астарлы мағына арқылы жағымсыз реңк сезілуі мүмкін. Эмоционалды қабылдау біркелкі емес, алайда орташа мәндер шумақтың шапшаң, жеңіл ирониялық қабылданғанын көрсетеді.

9-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
«Айтшы-айтшылап» жалынар... [Жарық]	100	1.75	1.00	1.49	0.149
«Айтшы-айтшылап» жалынар... [Қараңғы]	100	3.14	3.00	1.51	0.151
«Айтшы-айтшылап» жалынар... [Күшті]	100	1.87	1.00	1.62	0.162
«Айтшы-айтшылап» жалынар... [Әлсіз]	100	3.19	3.50	1.67	0.167
«Айтшы-айтшылап» жалынар... [Ширақ]	100	1.84	1.00	1.67	0.167
«Айтшы-айтшылап» жалынар... [Баяу]	100	2.99	3.00	1.81	0.181

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Респонденттердің бағалауы бойынша бұл өлеңнің эмоционалды тоны теріс және тұнжыраған реңкке ие. «Қараңғы» (орташа – 3.14, СА – 1.51), «әлсіз» (орташа – 3.19, СА – 1.67), «баяу» (орташа – 2.99, СА – 1.81) сияқты сипаттар өте жоғары бағаланған (9-кесте). Бұл поэтикалық мәтіндегі үмітсіздік, шаршау, жан күй-

зелісі сияқты эмоциялардың айқын берілгенін білдіреді. Ал «жарық» (орташа – 1.75), «күшті» (орташа – 1.87), «ширақ» (орташа – 1.84) сипаттамалары төмен, респонденттер бұл өлеңді энергиясы аз, меланхолиялық туынды ретінде қабылдаған. Эмоциялық теріс мазмұн фоносемантикалық тұрғыда да айқын көрінеді.

10-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Қолаң қара шашы бар жібек талды... [Жарық]	100	3.64	4.00	1.58	0.158
Қолаң қара шашы бар жібек талды... [Қараңғы]	100	1.55	1.00	1.64	0.164
Қолаң қара шашы бар жібек талды... [Күшті]	100	3.58	4.00	1.35	0.135
Қолаң қара шашы бар жібек талды... [Әлсіз]	100	1.42	1.00	1.48	0.148
Қолаң қара шашы бар жібек талды... [Ширақ]	100	3.11	4.00	1.68	0.168
Қолаң қара шашы бар жібек талды... [Баяу]	100	1.66	1.00	1.58	0.158

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Бұл өлең эмоционалды тұрғыдан ең жағымды қабылданған шумақтардың бірі. «Жарық» (орташа – 3.64, СА – 1.58), «күшті» (орташа – 3.58, СА – 1.35), «ширақ» (орташа – 3.11, СА – 1.68) мәндері жоғары, бұл мәтінде романтикалық, эстетикалық, өміршең реңктердің басым екенін көрсетеді. Ал «қараңғы» (орта-

ша – 1.55), «әлсіз» (орташа – 1.42), «баяу» (орташа – 1.66) көрсеткіштері өте төмен, яғни бұл өлең респонденттерге жеңіл, жарқын, шабыттандыратын сипатта әсер еткен. Мұндай қабылдау өлең құрылымындағы дыбыстық, ритмдік элементтердің эмоциялық мағынасымен үйлескенін байқатады.

11-кесте

Барлық респонденттердің қосынды нәтижесі

	N	Орташа	Медиана	SD	SE
Күл, ойна, жыла қайғыға... [Жарық]	100	3.77	4.00	1.41	0.141
Күл, ойна, жыла қайғыға... [Қараңғы]	100	1.58	1.00	1.40	0.140
Күл, ойна, жыла қайғыға... [Күшті]	100	3.65	4.00	1.30	0.130
Күл, ойна, жыла қайғыға... [Әлсіз]	100	1.20	1.00	1.39	0.139
Күл, ойна, жыла қайғыға... [Ширақ]	100	3.52	4.00	1.38	0.138
Күл, ойна, жыла қайғыға... [Баяу]	100	1.27	1.00	1.47	0.147

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды

Бұл өлең ең жоғары эмоционалды серпінді көрсеткен шумақтардың бірі. «Жарық» (орташа – 3.77, СА – 1.41), «күшті» (орташа – 3.65, СА – 1.30) және «ширақ» (орташа – 3.52, СА – 1.38) сипаттамалары жоғары бағаланған. Мұндай көрсеткіштер өлеңнің көтеріңкі, эмоционалды жағынан жігерлендіретін сипатын дәлелдейді. Керісінше, «әлсіз» (орташа – 1.20), «баяу» (орташа – 1.27), қараңғылық (орташа – 1.58) сипаттары өте төмен – бұл респонденттердің мәтінді позитивті, белсенді қабылдағанын көрсетеді. Мұнда эмоциялық экспрессия күшейген, оптимизм мен өмірлік қарқын басым.

Қорытынды

Бұл зерттеу қазақ поэзиясындағы эмоционалды тон мен дыбыс символизмі арасындағы байланысты эксперименталды және статистикалық түрде дәлелдеді. Google Forms арқылы жиналған және Jamovi бағдарламасында өңделген деректерді талдау поэтикалық мәтіннің дыбыстық құрылымы оның эмоционалды қабылдауына тікелей әсер ететіндігін көрсетті. Дыбыс тек ресми элемент ретінде ғана емес, сонымен қатар бейсаналық фоносемантикалық механизм ретінде де әрекет етеді. Нәтижелер көрсеткендей, тіл арты дауысты дыбыстар көбінесе «күшті», «ауыр», «қараңғы» ұғымдарымен байланысты,

ал тіл алды дауысты дыбыстар «әлсіз», «жеңіл», «жарық». Бұл дыбыс символизмінің поэтикалық деңгейде көрінетінін растайды. Нәтижелер Сепир, Журавлев, Воронин және Аурахердің теориялық тұжырымдарын нақтылайды және дыбыс пен эмоция арасындағы синестетикалық байланыстың болуын көрсетеді.

Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу қазақ тіл біліміндегі фоносемантикалық бағыттың дамуына үлес қосып, дыбыстың когнитивтік және эмоциялық әлеуетін нақтылай түседі. Ал практикалық жағынан, алынған нәтижелер поэзияны оқытуда, мәтіннің эмоциялық реңкін талдауда, сондай-ақ психоллингвистикалық және когнитивтік зерттеулерде қолдануға болатын әдістемелік негіз ұсынады.

Зерттеу нәтижелері дыбыс пен мағына арасындағы байланыстың поэтикалық дискурста ерекше сипат алатынын көрсетеді. Дәстүрлі лингвистикада тілдік таңбаның шарттылығы басым қағидат (принцип) ретінде қарастырылғанымен, алынған деректер дыбыстардың қасиеті эмоциялық қабылдауға ықпал ететін қосымша фактор екенін аңғартады. Әсіресе, поэзиялық шумақта белгілі бір дыбыстардың жиілігі оқырманның мәтінді қабылдау ерекшеліктеріне әсер етуі мүмкін. Бұл тұжырымдар дыбыс символизмі теориясының мәтін (шумақ) деңгейінде де өзекті екенін және фоносемантикалық құбылыс-

тардың көркем шығармаларды қабылдау механизмдерін түсіндіруде маңызды орын алатынын дәлелдейді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндерді талдауда фонетикалық факторларды ескерудің қажеттілігін көрсетеді және эмоционалды тонды зерттеудің жаңа эксперименттік тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, поэзиядағы эмоционалды тон тек мазмұн арқылы ғана емес, дыбыстық құрылым арқылы да қалыптасатынын дәлелденді. Бұл тұжырым қазақ поэтикасын зерттеуде жаңа фоносемантикалық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді және болашақта дыбыс пен мағына, эмоция мен форма арасындағы өзара байланысты кең ауқымда зерттеуге жол ашады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар осы зерттеуге қатысты қандай да бір кәсіби немесе жеке мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Б. Хасенов зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, әдіснаманы анықтады және деректерді талдады, мақаланың негізгі мәтінін жазды. Ж.Ибраимова мен Ә.Жақулаев зерттеу материалдарын жинауға, деректерді өңдеуге және нәтижелерді интерпретациялауға қатысты. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын қарап, мақұлдады және жариялауға келісім берді.

Әдебиеттер

- Соссюр, Ф. де. (1999). *Курс общей лингвистики*. Екатеринбург: Издательство Уральского университета.
- Hockett, C. (1960). The origin of speech. *Scientific American*, 203(3), 88–96.
- Blasi, D. E., Wichmann, S., Hammarström, H., Stadler, P. F., & Christiansen, M. H. (2016). Sound–meaning association biases evidenced across thousands of languages. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 113(39), 10818–10823. <https://doi.org/10.1073/pnas.1605782113>
- Sidhu, D. M., & Pexman, P. M. (2018). Five mechanisms of sound symbolic association. *Psychonomic Bulletin & Review*, 25(5), 1619–1643.
- Pejovic, J., & Molnar, M. (2017). The development of spontaneous sound–shape matching in monolingual and bilingual infants during the first year. *Developmental Psychology*, 53(3), 581–586.
- Khassenov, B. (2021a). Sound symbolism in the Proto-Turkic language. *3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies*, 27(1), 102–114.
- Osgood, C. E. (1964). Semantic differential technique in the comparative study of cultures. *American Anthropologist*, 66(3), 171–200.
- Plato. (1968). *Kratyl [Cratylus]*. In *Sochineniya [Works]* (Vol. 1). Moscow.
- Sapir, E. (1929). A study in phonetic symbolism. *Journal of Experimental Psychology*, 12(3), 225–239. <https://doi.org/10.1037/h0070931>
- Jespersen, O. (1933). Symbolic value of the vowel *i*. In *Linguistica: Selected papers in English, French and German* (pp. 283–303). Levin & Munksgaard.
- Bloomfield, L. (1933/1935). *Language*. Allen & Unwin.
- Newman, S. (1961). Further experiments in phonetic symbolism. *Journal of Abnormal and Social Psychology*, 62, 623–630. <https://doi.org/10.2307/1419743>
- Воронин, С. В. (2006). *Основы фоносемантики*. ЛЕНАНД.
- Журавлев, А. П. (1991). *Звук и смысл*. Просвещение.
- Levitsky, V. V. (2009). *Zvukovoi simbolizm: mify i real'nost'* [Sound symbolism: Myths and reality]. Ruta.
- Auracher, J., Albers, S., Zhai, Y. H., Gareeva, G., & Stavniychuk, T. (2011). P is for happiness, N is for sadness: Universals in sound iconicity to detect emotions in poetry. *Discourse Processes*, 48(1), 1–25. <https://doi.org/10.1080/01638531003674894>
- Auracher, J., Menninghaus, W., & Scharinger, M. (2020). Sound predicts meaning: Cross-modal associations between formant frequency and emotional tone in stanzas. *Cognitive Science*, 44(10), e12906. <https://doi.org/10.1111/cogs.12906>
- Корнилов, Г. Е. (1977). Теория имитативов и данные чувашских диалектов. In *Диалекты и топонимия Поволжья* (с. 98–152). Чебоксары.
- Хусаинов, К. Ш. (1988). *Звукоизобразительность в казахском языке*. Наука.
- Хасенов, Б. Р. (2021b). *Қазақ тілі дыбыстарының архетиптік сипаты*. Қарағанды.

References

- Auracher, J., Albers, S., Zhai, Y. H., Gareeva, G., & Stavniychuk, T. (2011). P is for happiness, N is for sadness: Universals in sound iconicity to detect emotions in poetry. *Discourse Processes*, 48(1), 1–25. <https://doi.org/10.1080/01638531003674894>
- Auracher, J., Menninghaus, W., & Scharinger, M. (2020). Sound predicts meaning: Cross-modal associations between formant frequency and emotional tone in stanzas. *Cognitive Science*, 44(10), e12906. <https://doi.org/10.1111/cogs.12906>

- Blasi, D. E., Wichmann, S., Hammarström, H., Stadler, P. F., & Christiansen, M. H. (2016). Sound–meaning association biases evidenced across thousands of languages. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 113(39), 10818–10823. <https://doi.org/10.1073/pnas.1605782113>
- Bloomfield, L. (1933/1935). *Language*. Allen & Unwin.
- Hockett, C. (1960). The origin of speech. *Scientific American*, 203(3), 88–96.
- Jespersen, O. (1933). Symbolic value of the vowel *i*. In *Linguistica: Selected papers in English, French and German* (pp. 283–303). Levin & Munksgaard.
- Khassenov, B. (2021a). Sound symbolism in the Proto-Turkic language. *3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies*, 27(1), 102–114.
- Khassenov, B. R. (2021b). *Qazaq tili dybystarynyn arkhetyptik sipaty* [The archetypal nature of Kazakh speech sounds]. Karaganda. (In Kazakh)
- Khussainov, K. Sh. (1988). *Zvukoizobrazitel'nost' v kazakhskom yazyke* [Sound symbolism in the Kazakh language]. Nauka. (In Russian)
- Kornilov, G. E. (1977). Teoriya imitativov i dannye chuvashskikh dialektov [The theory of imitatives and data from Chuvash dialects]. In *Dialekty i toponimiya Povolzh'ya* [Dialects and toponymy of the Volga region] (pp. 98–152). Cheboksary. (In Russian)
- Levitsky, V. V. (2009). *Zvukovoi simvolizm: mify i real'nost'* [Sound symbolism: Myths and reality]. Ruta. (In Russian)
- Newman, S. (1961). Further experiments in phonetic symbolism. *Journal of Abnormal and Social Psychology*, 62, 623–630. <https://doi.org/10.2307/1419743>
- Osgood, C. E. (1964). Semantic differential technique in the comparative study of cultures. *American Anthropologist*, 66(3), 171–200.
- Pejovic, J., & Molnar, M. (2017). The development of spontaneous sound–shape matching in monolingual and bilingual infants during the first year. *Developmental Psychology*, 53(3), 581–586.
- Plato. (1968). *Kratyl* [Cratylus]. In *Sochineniya* [Works] (Vol. 1). Moscow. (In Russian)
- Sapir, E. (1929). A study in phonetic symbolism. *Journal of Experimental Psychology*, 12(3), 225–239. <https://doi.org/10.1037/h0070931>
- Saussure, F. de. (1999). *Kurs obshchei lingvistiki* [Course in general linguistics]. Izdatelstvo Uralskogo universiteta. (In Russian)
- Sidhu, D. M., & Pexman, P. M. (2018). Five mechanisms of sound symbolic association. *Psychonomic Bulletin & Review*, 25(5), 1619–1643.
- Voronin, S. V. (2006). *Osnovy fonosemantiki* [Foundations of phonosemantics]. LENAND. (In Russian)
- Zhuravlev, A. P. (1991). *Zvuk i smysl* [Sound and meaning]. Prosveshchenie. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Хасенов Болат Рашидұлы – PhD, «Bolashaq» академиясы (Қарағанды, Қазақстан, e-mail: bolat.khassenov@bolashaq.edu.kz).

Ибраимова Жәнісгүл Жалғасбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті (Қарағанды, Қазақстан, e-mail: zhenisgulibraimova@gmail.com).

Жақұлаев Адил Муратович – PhD, «Bolashaq» академиясы (Қарағанды, Қазақстан, e-mail: adil91kz@mail.ru).

Information about the authors:

Khassenov Bolat – PhD, “Bolashaq” Academy (Karaganda, Kazakhstan, e-mail: bolat.khassenov@bolashaq.edu.kz).

Ibraimova Zhenisgul – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karagandy Buketov University (Karaganda, Kazakhstan, e-mail: zhenisgulibraimova@gmail.com).

Zhakulayev Adil – PhD, “Bolashaq” Academy (Karaganda, Kazakhstan, e-mail: adil91kz@mail.ru).

Сведения об авторах:

Хасенов Болат Рашидович – PhD, Академия «Bolashaq» (Қарағанда, Қазақстан, e-mail: bolat.khassenov@bolashaq.edu.kz).

Ибраимова Жәнісгүл Жалғасбаевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова (Қарағанда, Қазақстан, e-mail: zhenisgulibraimova@gmail.com).

Жақұлаев Адил Муратович – PhD, Академия «Bolashaq» (Қарағанда, Қазақстан, e-mail: adil91kz@mail.ru).

Келіп түсті: 12 қаңтар 2026 жыл

Қабылданды: 9 маусым 2026 жыл